


«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 1-беті

БЕКІТЕМІН

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ

Ректоры



К.С. Байболов

2026 жыл

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ

УЕ-76-26

FOUNDATION БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ТЫҢДАУШЫЛАРДЫ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Фаундейшн және тілдік оқыту орталығымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Фаундейшн және тілдік оқыту орталығының басшысы Булекбаева К.Б.
3. Келісілді
 - Басқарма Мүшесі – Вице Ректор Рысбекова Ж.К.
 - Басқарма Мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Байнеева П.Т.
 - Басқарма Мүшесі – әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор Жақабай Н.Е.
 - Басқарма Мүшесі - Аппарат Басшысы Сугирбекова К.С.
 - Заң қызметінің басшысы Ильясов Р.М.
 - Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы Тауасарова А.С.
4. Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеттің Ғылыми Кеңесінің отырысында талқыланып, мақұлданды № 15 28 05 2026 жылы
5. Енгізілді – 2026
6. Тексерілу мерзімі – 2028

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2026

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 2-беті

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	3
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Тыңдаушыларды оқуға қабылдау	4
4	Тыңдаушылардың құжаттарын қабылдау тәртібі	5
5	Конкурстық іріктеуді өткізу тәртібі	7
6	Тыңдаушыларды оқуға қабылдау	9
7	Мүгедектігі бар және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың білімін бағалауды өткізу ерекшеліктері	9
8	Бейіндік және тілдік пәндер бойынша білімді бағалауға арналған сұрақтарды әзірлеу	10
9	Сертификаттың негізгі элементтері (меншікті үлгі)	10
10	Дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау	11
11	Келісу, сақтау, тарату	12
	Қосымшалар	13
	Келісу парағы	24
	Танысу парағы	25
	Өзгерістерді тіркеу парағы	26

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 3-беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Фаундейшн және тілдік оқыту орталығына (бұдан әрі – Орталық) оқуға қабылдау рәсімін анықтайды.

1.2 Ережелер келесі санаттағы талапкерлерді жалпы білімдік және тілдік деңгейін арттыру үшін орталыққа қабылдауды реттейді:

- Қазақстан Республикасының азаматтары;
- Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар (қандастар) және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар;
- шетелдіктер.

1.3 Орталыққа оқуға қабылдау келесі шеңберде өткізілетін конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы;
- жеке тұлғалардың қаражаты есебінен.

1.4 ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес, талапкер бұл білімді алғаш рет алып жатқан болса, оған конкурстық іріктеу негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тегін оқу мүмкіндігі беріледі.

1.5 Ақылы негізде оқуға қабылдау конкурстық іріктеу негізінде жүзеге асырылады. Орталық тыңдаушылары үшін оқу ақысының мөлшері мен төлеу тәртібі нормативтік құқықтық актілерге және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа сәйкес белгіленеді. Конкурстық іріктеуді өткізу нысаны — Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдері қызметін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес, оқуға түсушімен офлайн режимде немесе бейнебайланыс құралдарын пайдалана отырып қашықтықтан оқыту форматында өткізілетін білімді жеке бағалау.

1.6 Орталықта оқыту күнтізбелік жылдың 1 қазанынан басталады. Оқу мерзімі 9 айды құрайды.

1.7 Орталықтың тыңдаушыларына қашықтықтан оқыту келесі жағдайларда беріледі:

1. дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы болған жағдайда;
2. баласы бар немесе баланы асырап алған жағдайда, мұнда растаушы құжаттарының болуы міндетті;
3. оқу жылы ішінде тұрғылықты жері бойынша елден шығып кеткен және шекараның жабылуы, карантин жариялануы және өздеріне байланысты емес өзге де мән-жайлар себебінен қайтып келуге мүмкіндігі жоқ ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 4-беті

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережелер өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

2.1 Сыртқы нормативтік-құқықтық актілер:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Дербес деректер және оларды қорғау туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және т.б. Заңдары;

- «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен;

- Қоғам қызметінде қолданылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен стандарттары;

- Жоғары білім беру жүйесінің қызметі мен даму мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілер.

2.2 Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары:

- Қоғам Жарғысы;

- Корпоративтік басқару кодексі;

- Әдеп кодексі;

- Академиялық адалдық кодексі;

- Академиялық саясат;

- Кадр саясаты;

- Қоғамның стратегиялық даму жоспары;

- Басқарма Төрағасының, Басқарма мүшесі - Ректордың, Директорлар кеңесінің және Қоғамның жалғыз акционерінің бұйрықтары мен өкімдері;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғаныс ережелері мен нормалары;

- Қоғамның сапа менеджменті жүйесінің құжаттары.

3. ТЫҢДАУШЫЛАРДЫ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

3.1 Орталыққа оқу үшін жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

3.2 Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктерді, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын ұлты қазақ адамдарды (қандастарды) және азаматтығы жоқ тұлғаларды мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 5-беті

3.3 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес, егер талапкер бұл деңгейдегі білімді алғаш рет алып жатқан болса, оған мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде тегін оқу мүмкіндігі беріледі.

3.4 Ақылы негізде оқуға қабылдауды Орталық жүзеге асырады.

3.5 Конкурса қатысу үшін құжаттарды қабылдау күнтізбелік жылдың 5 тамызы мен 5 қыркүйегі аралығында жүргізіледі.

3.6 Күнтізбелік жылдың 6-9 қыркүйегі аралығында Орталық білімді бағалауға қатысушылардың тізімін қалыптастырады (4-қосымша) және білімді бағалауға қатысушыларды түсушілердің санаттары бойынша бөледі.

3.7 Конкурстық іріктеуді Орталық күнтізбелік жылдың 10-15 қыркүйегі аралығында өткізеді.

3.8 Орталықта оқыту күндізгі нысанда және/немесе қашықтықтан оқыту форматында жүзеге асырылады. Сабақтар күнтізбелік жылдың 1 қазанынан басталады. Оқу мерзімі 9 айды құрайды.

3.9 Оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушыларға оқуды бітіргені туралы сертификат беріледі.

3.10 Оқу жылы ішінде тыңдаушы оқудан шығарылуы мүмкін. Тыңдаушыларды оқудан шығаруға келесілер негіз болып табылады:

1. тыңдаушының өз еркімен оқудан шығару туралы өтініші;

2. «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ Ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін.

3.11 Тыңдаушыны «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ-нан оқудан шығару Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен рәсімделеді, оның көшірмесі оқудан шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ҚР ҒЖБМ-не жіберіледі.

3.12 Күнтізбелік жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей Басқарма мүшесі – Ректордың қолы қойылған «Орталықтың өткен кезеңдегі жұмысы туралы қорытынды есепті» ҚР ҒЖБМ-не ұсынады.

3.13 Тыңдаушылардың статистикалық және паспорттық есебін Орталық жүргізеді.

4. ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

4.1 Орталыққа түсу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары келесі құжаттарды ұсынады (1-қосымша):

1) қабылдау туралы өтініш (3-қосымша);

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе оның электрондық көшірмесі;

3) жалпы орта, бастауыш кәсіптік (техникалық және кәсіптік), орта кәсіптік (орта білімнен кейінгі), жоғары білімі туралы құжат немесе оның электрондық көшірмесі және оған қосымшалар;

4) Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 6-беті

атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама;

5) Қағаз тасымалдағыштағы фотосуреттер: көлемі 3×4 см, 4 дана; электронды форматтағы фотосурет (кұжаттарды электронды ақпараттық жүйе арқылы тапсырған жағдайда).

4.2 Орталыққа түсу үшін шетелдіктер, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар (қандастар) келесі құжаттарды ұсынады (2-қосымша):

1) электрондық немесе қағаз түріндегі конкурстық іріктеуге қатысу туралы өтініш (3-қосымша);

2) жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе оның қазақ не орыс тіліне нотариалды бекітілген аудармасының қағаз нұсқасы;

3) білімі туралы құжаттың және оның қосымшаларының электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы және сканерленген нотариалды куәландырылған аудармасы (егер құжат толығымен шет тілінде болса), соның ішінде мөрдін аудармасы;

4) үміткердің тұратын елінің ресми денсаулық сақтау органы берген, шетелге оқуға шығатын тұлғаға арналған медициналық анықтаманың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы немесе Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген флюорографиясы бар 075/у нысанындағы медициналық анықтама.

5) ұлты қазақ екенін растайтын құжаттар (Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін);

б) қағаз тасымалдағыштағы фотосуреттер: көлемі 3×4 см, 4 дана; электронды форматтағы фотосурет (кұжаттарды электронды ақпараттық жүйе арқылы тапсырған жағдайда).

4.3 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білімі туралы құжаттар тыңдаушылар қатарына қабылданғаннан кейін, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 болып тіркелген) Білімі туралы құжаттарды тану қағидаларына сәйкес тану рәсімінен өтеді.

4.4 Ұсынылған құжаттар тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Ережелердің 4.1 және 4.2-тармақтарының талаптарына сәйкестігін тексереді.

4.5 Орталық талапкердің құжаттарды тапсыру (тіркеу) кезінде көрсеткен электрондық поштасына тіркелгені туралы хабарлама жібереді.

4.6 Ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген жағдайда, Орталық талапкерге құжаттарды тіркеуден бас тарту туралы хабарлама жібереді. Бұл ретте, конкурсқа

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 7-беті

қатысу үшін қайта тіркелу құжаттарды тіркеуден бас тарту туралы хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

5 КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Тыңдаушыларды конкурстық іріктеуден өткізу үшін университет қолданыстағы профессор-оқытушылар құрамынан (ПОҚ) комиссия құрады. Комиссия мүшелерінің арасынан комиссия төрағасы сайланады. Комиссия мүшелерінің саны, оның төрағасын қоса алғанда, тақ болуы тиіс. Комиссия құрамы Қоғамның Басқарма мүшесі – Ректорының бұйрығымен бекітіледі. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін комиссия хатшысы қамтамасыз етеді. Комиссия хатшысы Комиссия мүшесі болып табылмайды және Комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығына ие болмайды.

5.2 Конкурстық іріктеуді өткізу кестесін, өткізілетін күнін, уақыты мен орнын комиссия төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін Қоғамның интернет-ресурсында (сайтында) орналастыру арқылы түсушілердің назарына жеткізіледі (5-қосымша).

5.3 Конкурстық іріктеуден өту кезінде түсуші өзінің жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттың тіркелгені туралы хабарламаны көрсетеді.

5.4 Конкурстық іріктеу Ережелердің 3.7-тармағына сәйкес белгіленген мерзімде (күнтізбелік жылдың 10-15 қыркүйегі аралығында) бейнебайланыс платформасын (Microsoft Teams және т.б.) пайдалана отырып немесе офлайн режимде өткізіледі.

5.5 Конкурстық іріктеу басталғанға дейін Комиссия мүшелері түсушілердің санына қарай Орталықтан мыналарды алады:

- сұрақтар салынған конверт;
- белгіленген нысан бойынша конкурстық іріктеу хаттамасының бланкілері (6-қосымша).

5.6 Сапалы интернет байланысы мен жұмыс бөлмесін дайындауды түсуші білімді бағалау басталғанға дейін жүзеге асыруы тиіс.

5.7 Конкурстық іріктеу басталғанға дейін түсушілерге конкурстық іріктеуді өткізу тәртібі түсіндіріледі, білімді бағалаудың басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны көрсетіледі. Білімді бағалау ұзақтығына дайындық іс-шараларына (қатысушымен амандасу және білімді бағалауды өткізу бойынша нұсқаулық беру) бөлінген уақыт кірмейді.

5.8 Білімді бағалауды өткізу кезінде Комиссия мүшелері түсушілердің келесі ережелерді сақтауын қамтамасыз етуге міндетті:

- білімді бағалау кезінде түсуші камераның көріну аймағынан шықпауы, алаңдамауы, микрофонды өшірмеуі немесе оның дыбысын бәсеңдетпеуі тиіс;
- түсуші дербес (өз бетімен) жауап беруге міндетті;
- бөлмеде бөгде адамдардың болуына тыйым салынады;

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 8-беті

- өзімен бірге байланыс құралдарын, фото-, аудио- және бейнеаппаратураларды, анықтамалық материалдарды, жазбаша жазбаларды және ақпаратты сақтау мен берудің өзге де құралдарын ұстауға тыйым салынады.

5.9 Түсуші келесі жағдайларда білімді бағалаудан шеттетіледі немесе жіберілмейді, егер:

- түсуші жеке басын куәландыратын құжаттағы мәліметтерге (фотосуретке) сәйкес келмесе;

- түсуші осы Тәртіпте көзделген талаптарды бұзуға жол берсе.

5.10 Білімді бағалау барысында интернет байланысы үзілген немесе интернет сигналы 10 минуттан астам уақытқа әлсіреген жағдайда, Комиссия оны жалғастыру немесе басқа уақытқа ауыстыру туралы шешім қабылдайды және бұл туралы түсушілерге хабарлайды.

5.11 Интернет байланысы сапасыз болған және қатысушының аудио және бейнежауабы болмаған жағдайда Комиссия хатшысы «Білімді бағалауды мерзімінен бұрын аяқтау туралы актіні» (7-қосымша) жасайды. Мұндай қатысушыға күнтізбелік жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей білімді бағалаудан қайта өту мүмкіндігі беріледі.

5.12 Қатысушының жауабы қанағаттанарлықсыз бағаланған жағдайда білімді қайта бағалауға (қайта тапсыруға, апелляцияға) жол берілмейді.

5.13 Балл көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, түсушінің білімі туралы құжатының жоғары орташа балы ескеріледі. Егер аттестатқа (немесе білімі туралы өзге құжатқа) қосымшада әріптік немесе цифрлық бағалар болмаса, ал пәндер үлгерім деңгейі көрсетілмей «сыналды», «курсты меңгерді» немесе өзге де соған ұқсас тұжырымдармен белгіленсе, аттестаттың орташа балын Комиссия шартты түрде анықтайды және ол 3,0-ге тең (5 балдық шәкіл бойынша) деп қабылданады.

5.14 Қорытынды шешім Комиссияның келісілген пікірі негізінде алқалы түрде қабылданады. Комиссияның білімді бағалауы және қорытынды жасауы күнтізбелік жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей аяқталуы тиіс.

5.15 Түсушілерді іріктеу нәтижелері белгіленген нысанға сәйкес Комиссия хаттамасымен рәсімделеді және оған Комиссия төрағасы мен қатысып отырған барлық мүшелері қол қояды (8-қосымша). Конкурстық іріктеу аяқталғаннан кейін, соңғы өткізілген білімді бағалау күні Комиссия төрағасы Комиссия отырысының хаттамасын Орталық басшысына ұсынады.

5.16 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білімді бағалау нәтижелері ең жоғары балл жинаған тұлғалар оқуға қабылданады, бұл ретте ең төменгі балл 50-ден кем болмауы тиіс.

5.17 Конкурстық іріктеу аяқталған күні Орталық конкурстық іріктеу нәтижелерін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне жолдайды.

6. ТЫҢДАУШЫЛАРДЫ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

6.1 Комиссия хаттамасының негізінде тыңдаушыларды Орталыққа мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау туралы шешім

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 9-беті

шығарылады, бұл шешім конкурстық іріктеуден өткен тыңдаушылардың назарына күнтізбелік жылдың 25 қыркүйегіне дейінгі мерзімде жеткізіледі.

6.2 Ақылы негіздегі тыңдаушыларды оқуға қабылдау білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт рәсімделгеннен және Университетке төлем түскеннен кейін, білімді бағалау нәтижелерін ескере отырып жүргізіледі, бұл ретте ең төменгі балл 50-ден кем болмауы тиіс.

6.3 Оқуға қабылдану үшін Орталық тыңдаушылары осы 9-қосымшаға сәйкес құжаттардың толық пакетін ұсынуы қажет.

6.4 Оқуға қабылдау (мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша да, ақылы негізде де) Университет пен тыңдаушы (немесе оның заңды өкілі) арасында білім беру қызметтерін көрсету туралы екіжақты шарт міндетті түрде жасалғаннан кейін ұйым басшысының бұйрығымен рәсімделеді.

6.5 Дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары қатарына қабылдауды Орталық күнтізбелік жылдың 25-28 қыркүйегі аралығындағы кезеңде жүргізеді.

6.6 Орталық тыңдаушыларды оқуға қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ҚР ҒЖБМ-не (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне) ұсынады.

7. МҮГЕДЕКТИГІ БАР ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

7.1 Мүгедектігі бар және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың білімін бағалауды өткізу кезінде білімді бағалау бөлмесінде олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті техникалық көмек көрсететін (жұмыс орнына отыру, қозғалу, Комиссия мүшелерімен қарым-қатынас жасау) ассистенттің (көмекшінің) болуына жол беріледі.

7.2 Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін білімді бағалау ұзақтығы 10 минутқа ұзартылады.

7.3 Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі оқуға түсушілер білімді бағалау процесінде өздерінің жеке ерекшеліктеріне байланысты қажетті техникалық құралдарды пайдалана алады.

7.4 Осы Ережелердің тармақтарында көрсетілген жоғарыдағы жағдайлар оқуға түсушіге оның мүгедектігіне немесе денсаулық мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты конкурстық іріктеуді өткізуде арнайы жағдайлар жасау қажеттілігі туралы мәліметтер жазылған өтініш (10-қосымша) және аталған жағдайларды жасауды талап ететін мүгедектікті немесе денсаулық мүмкіндіктерінің шектеулілігін растайтын құжат негізінде ұсынылады.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 10-беті

8. БЕЙІНДІК ЖӘНЕ ТІЛДІК ПӘНДЕР БОЙЫНША БІЛІМДІ БАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫН ӘЗІРЛЕУ

8.1 Тыңдаушылардың білімін бағалауға арналған сұрақтар олардың бейіндік және тілдік пәндер бойынша жалпы дайындық деңгейін анықтау мақсатында қалыптастырылады.

8.2 Бағалау материалдары мектеп бағдарламасындағы пәндер бойынша базалық дайындық деңгейін анықтауға бағытталған сұрақтарды қамтиды.

8.3 Конкурстық іріктеуде қолданылатын білімді бағалау сұрақтарын Орталықпен бекітілген пәндері бойынша жіберілген оқытушылар әзірлейді. Әзірленген материалдар Қоғамның Ғылыми кеңесінің отырысында қаралады және белгіленген тәртіппен Басқарма мүшесі – Ректормен бекітіледі.

8.4 Әзірленетін сұрақтар осы Ережелердің талаптарына сәйкес болуы, ғылыми негізделген, өзекті, әдістемелік және мазмұндық тұрғыдан дұрыс, логикалық жағынан қайшылықсыз болуы және белгіленген күрделілік деңгейіне сай келуі тиіс. Аталған параметрлерді қамтамасыз ету әзірлеушілерге жүктеледі және олар Қоғамның Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінде міндетті сараптамадан өтіп, келісілуі тиіс.

8.5 IELTS, ҚАЗТЕСТ/ТРКИ-ге дайындау бойынша тілдік пәндер (қазақ, орыс, ағылшын және өзге тілдер) бойынша білімді бағалау сұрақтары тілді меңгеру деңгейі, оқытудың коммуникативтік бағыты ескеріле отырып әзірленеді және сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерін (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым), сондай-ақ лексика-грамматикалық дағдыларды тексеруге арналған тапсырмаларды қамтиды.

8.6 Бағалау материалдарын, соның ішінде тілдік пәндерді әзірлеуге, олардың құрылымына, мазмұнына және рәсімделуіне қойылатын талаптары Қоғамның нормативтік құжатымен белгіленеді және барлық әзірлеушілер үшін міндетті болып табылады.

9. СЕРТИФИКАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ (өзіндік үлгі)

9.1 Foundation бағдарламасын аяқтағаны туралы сертификат тыңдаушының білім беру бағдарламасын меңгергенін және қорытынды білім бағалау нәтижелерін растайтын белгіленген үлгідегі құжат болып табылады.

9.2 Сертификат Қоғамның ресми бланкісінде рәсімделеді және оның құрамында келесі міндетті элементтер болады:

- ұйымның толық атауы: «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ;
- құжаттың атауы — «Сертификат»;
- тіркеу нөмірі және берілген күні;
- тыңдаушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);
- білім беру бағдарламасының атауы (Foundation);
- меңгерілген пәндердің тізбесі (қажет болған жағдайда — сағат көлемін көрсете отырып);

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 11-беті

- қорытынды аттестаттау нәтижелері (бағалар, балдар немесе дайындық деңгейі);
- тілді меңгеру деңгейі (тілдік дайындық болған жағдайда);
- оқу мерзімі (бағдарламаны меңгеру кезеңі);
- уәкілетті тұлғаның (ректордың немесе өзге де лауазымды тұлғаның) қолы;
- ұйымның мөрі;
- бірегей сәйкестендіру нөмірі (QR-код немесе верификациялаудың өзге де тәсілі).

9.3 Сертификат мемлекеттік, орыс және/немесе ағылшын тілдерінде рәсімделуі мүмкін.

9.4 Сертификаттың нысаны (дизайны), оның құрылымы мен қорғаныс дәрежесі Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен бекітіледі.

9.5 Сертификаттарды есепке алу, тіркеу және беру олардың сақталуын және кейіннен түпнұсқалығын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

10. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ, ӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ

10.1 Оқуға түсушілердің (сондай-ақ оқуға түсуші кәмелетке толмаған жағдайда, олардың заңды өкілдерінің) дербес деректерін жинау және өңдеу тек қана мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:

- конкурстық іріктеу мен оқуға қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;
- тыңдаушылардың жеке істерін қалыптастыру, рұқсаттамалар, студенттік билеттер және басқа да ішкі құжаттарды беру;
- үлгерім есебін жүргізу, деректерді білім беру ұйымының ақпараттық жүйелеріне және ҚР ҒЖБМ Жоғары білім берудің бірыңғай платформасына (ЖБББП / ББЖДБ) енгізу;
- білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттар бойынша міндеттемелерді орындау.

10.2 Конкурстық іріктеуге және оқуға қабылдауға қатысуға өтініш берген кезде оқуға түсуші (немесе оның заңды өкілі) белгіленген үлгі бойынша Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімге (№11 қосымша) қол қояды. Аталған Келісім ұсынылмаса, құжаттарды қабылдау жүзеге асырылмайды.

10.3 Жинауға және өңдеуге жататын дербес деректердің тізбесіне мыналар кіреді:

- сауалнамалық және паспорттық деректер (Т.А.Ә., ЖСН, жеке куәлік/паспорт деректері, туған күні мен жері, азаматтығы, жынысы);
- байланыс деректері (тұратын/тіркелген мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайлары);
- білімі туралы мәліметтер (аттестаттардың, дипломдардың, ҰБТ/білімді бағалау сертификаттарының деректері);
- әлеуметтік жеңілдіктер туралы мәліметтер (квоталар үшін құқықтық негіздер болған жағдайда);

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 12-беті

– фотобейнелер (электрондық және қағаз түріндегі 3x4 фотосуреттер).

10.4 Орталық оқуға түсушілердің дербес деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етеді және оларды заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден немесе таратудан қорғау үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қолданады.

10.5 Дербес деректерді сақтау мерзімдері тыңдаушының Орталықта оқу кезеңімен, сондай-ақ ҚР заңнамасының қатаң есептілік құжаттары мен жеке істерді архивтік сақтауға қоятын талаптарымен айқындалады.

КЕЛІСУ, САҚТАУ, ТАРАТУ

10.1 Ережелерді әзірлеуді Орталық басшысы жүзеге асырады.

10.2 Ережелерді келісу СМЖ (Сапа менеджменті жүйесі) бөлімінің жауапты тұлғасымен және келесі басшылармен жүзеге асырылады:

1. Басқарма Мүшесі – Вице-Ректор;
2. Басқарма Мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;
3. Басқарма Мүшесі – Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор;
4. Басқарма Мүшесі – Аппарат Басшысы;
5. Заң қызметінің басшысы.

10.3 Ережелердің бекітілген нұсқасының қағаз және электрондық түпнұсқасын сақтауға, сондай-ақ оның сканерленген нұсқасын таратуға СМЖ бөлімінің жауапты тұлғасы жауапты болады.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 13-беті

Қосымша 1

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау Ережесіне

Қазақстан Республикасының азаматтары ұсынатын конкурстық іріктеуге қатысу үшін қажетті құжаттар

1. Қабылдау туралы өтініш (3-қосымша);
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе оның электрондық көшірмесі;
3. Жалпы орта, бастауыш кәсіптік (техникалық және кәсіптік), орта кәсіптік (орта білімнен кейінгі), жоғары білімі туралы құжат немесе оның электрондық көшірмесі және оған қосымшалар;
4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) 075-У нысанындағы медициналық анықтама.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 14-беті

Қосымша 2

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау Ережесіне

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар (қандастар) келесі құжаттар

1. Электрондық немесе қағаз түріндегі конкурстық іріктеуге қатысу туралы өтініш (3-қосымша);

2. Жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе оның қазақ не орыс тіліне нотариалды бекітілген аудармасының қағаз нұсқасы;

3. Білімі туралы құжаттың және оның қосымшаларының электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы және сканерленген нотариалды куәландырылған аудармасы (егер құжат толығымен шет тілінде болса), соның ішінде мөрдiң аудармасы;

4. Үміткердiң тұратын елінің ресми денсаулық сақтау органы берген, шетелге оқуға шығатын тұлғаға арналған медициналық анықтаманың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы немесе Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген флюорографиясы бар 075/у нысанындағы медициналық анықтама.

5. Ұлты қазақ екенін растайтын құжаттар (Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін).

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 15-беті

Қосымша 3

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау Ережесіне

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
Басқарма төрағасы – Ректоры,
Қабылдау комиссиясының төрағасы
Қ. Байболовқа

_____ (толықаты – жөні)

ӨТІНІШ

Мени «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ Фаундейшн және тілдік оқыту орталығында оқу үшін конкурстық іріктеуге қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Өзім туралы:

Азаматтылығы _____ Ұлты _____ Жылы _____

Туылған күні, айы, жылы _____ ЖСН _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі _____ Берілген күні, жарамды мерзімі _____

Болашақта жоспарланған БББ атауы _____

Бітірген мектебі/колледжі/жоғары оқу орны (ЖОО), бітірген жылы _____

Қазақстан Республикасы визасының қолданылу мерзімі (бар болған жағдайда) _____

Байланыс мәліметтері (оқуға түсушінің телефоны) _____

Байланыс мәліметтері (Қазақстанның ішіндегі туыстарының телефоны) _____

Байланыс мәліметтері (тұратын еліндегі телефоны) _____

E-mail: _____

Foundation бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау Ережемен таныстым _____ (қолы)

Бұған дейін Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінде мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқымағанымды растаймын _____ (қолы)

Өзімнің / баламның дербес деректерін өңдеуге және пайдалануға келісім беремін _____ (қолы)

Фаундейшн және тілдік оқыту орталығында оқу үшін конкурстық іріктеуді өткізу тәртібімен таныстым _____ (қолы)

Оқуға қабылдауға ұсыныс алғаннан кейін Фаундейшн және тілдік оқыту орталығына қабылдау үшін қажетті, тізбесі Ережеде белгіленген құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндеттенемін _____ (қолы)

_____ (қолы)

«__» _____ 20 ж. _____ (қолы)

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 16-беті

Қосымша 4

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау Ережесіне
»

ҚАТЫСУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

№	Т.А.Ә. (толық) (Тегі, Аты, Әкесінің аты)	Жын ысы	Туылған күні	Азаматтығы	ЖСН	Төлқұжаттың (паспорттың) нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі	1-ші бейінді пән	2 -ші бейінді пән	E-mail	Байланыс телефон нөмірі
1	2	3	4	5		6	7	8	9	10
Санат. Қазақстан Республикасының азаматтары										
1										
2										
Санат. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар (қандастар)										
1										
2										
Санат. Шетелдіктер										
1										
2										

Фаундейшн және тілдік оқыту орталығының жетекшісі

(қолы)

(аты- жөні)

Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры

(қолы)

(аты- жөні)

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 17-беті

Қосымша 5

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау Ережесіне

КЕЛІСІЛДІ/СОГЛАСОВАНО

Басқарма мүшесі - Вице-Ректор/ Член Правления-
Вице-Ректор _____ Ж.К. Рысбекова
«__» _____ 20__ ж/г.

Басқарма мүшесі Академиялық мәселелер бойынша
проректор/ Член Правления- Проректор по
Академическим вопросам _____ П.Т.Байнеева
«__» _____ 20__ ж/г.

БЕКІТЕМІН/УТВЕРЖДАЮ

Басқарма мүшесі-Ректор/ Қабылдау
комиссиясының төрағасы

Член Правления-Ректор/ Председатель
приемной комиссии _____ К.С.Байболов
«__» _____ 20__ ж/г.

КЕСТЕСІ / РАСПИСАНИЕ

Фаундейшн және тілдік оқыту орталығына оқуға түсушілердің білімін бағалау жүргізу
проведения оценки знания для поступающих на обучение в Центре Фаундейшн и языковой подготовки

Санат / Категория	Күні/ Дата	Уақыты/ Время	Ғимарат/ Корпус Дәрісхана/ Аудитория

Руководитель Центра Фаундейшн и языковой подготовки/
Фаундейшн және тілдік оқыту орталығының жетекшісі _____ К. Булекбаева
(қолы / подпись) (ФИО/ аты-жөні)

Начальник отдела планирования и организации учебного процесса/
Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің басшысы _____ Нурмаганбетова Ж.А.
(қолы / подпись) (ФИО/ аты-жөні)

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 18-беті

Қосымша 6

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау Ережесіне

БІЛІМДІ БАҒАЛАУ ХАТТАМАСЫ / ПРОТОКОЛ ОЦЕНКИ ЗНАНИИ

«__» _____ 20__ ж./ г.

г.Шымкент

ҚАТЫСУШЫЛАР:/ ПРИСУТСТВОВАЛИ:

Комиссия төрағасы:/ Председатель комиссии: _____

Комиссия мүшелері:/ Члены комиссии: _____

I. Үміткердің аты-жөні / Фамилия и имя поступающего

II. Бейіндік пәндер бойынша білім деңгейін анықтауға арналған сұрақтар және оларды бағалау:/ Вопросы для определения уровня знаний по профильным предметам и их оценивание:

1 пән/ предмет _____

2 пән/ предмет _____

Орта білімі жайлы аттестаттың орташа балы (қажет болған жағдайда):/ Средний балл документа об образовании (при необходимости) _____

III. Жалпы балы/ Общий балл _____

ШЕШІМ / РЕШЕНИЕ: Рекомендован / не рекомендован к зачислению

Комиссия төрағасы/ Председатель комиссии: _____

Комиссия мүшелері/ Члены комиссии: _____

Хатшы/ Секретарь: _____

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 19-беті

Қосымша 7

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау Ережесіне

**БІЛІМДІ БАҒАЛАУДЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН АЯҚТАУ ТУРАЛЫ АКТ / АКТ О
ДОСРОЧНОМ ЗАВЕРШЕНИИ ОЦЕНКИ ЗНАНИИ**

«__» _____ 20__ ж./г.

г. Шымкент

Әңгімелесуге қатысушы туралы ақпарат/ Сведения об участнике оценка знания

Тегі/ фамилия _____

Аты/ имя _____

Әкесінің аты (болған жағдайда)/ отчество (если имеется) _____

Жеке басты куәландыратын құжат (паспорт)/

Документ, удостоверяющий личность (паспорт) _____
номері/номер сериясы/ серия

Азаматтығы/ Гражданство _____

Әңгімелесуді келесі себептерге байланысты ерте аяқтады/ Досрочно завершил оценка знания по следующим причинам:

Әңгімелесудің аяқтау уақыты/

Время завершения оценка знания _____ сағ./час. _____ мин.

Комиссия төрағасы/ Председатель комиссии: _____

Комиссия мүшелері/ Члены
комиссии: _____

Хатшы/ Секретарь: _____

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 20-беті

Қосымша 8

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау Ережесіне

ХАТТАМА/ ПРОТОКОЛ № _____

**202__–202__ оқу жылына оқуға түсушілерді іріктеу жөніндегі комиссия отырысы / заседания
комиссии по отбору поступающих на 202__–202__ учебный год**

«__» _____ 202__ ж./ г.

г.Шымкент / Шымкент қ.

ҚАТЫСҚАНДАР / ПРИСУТСТВОВАЛИ:

Комиссия төрағасы / Председатель комиссии: _____

Комиссия мүшелері / Члены комиссии: _____

Күн тәртібі / Повестка дня:

1. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша / өз қаражаты есебінен ақылы негізде Foundation бөлімінде оқудан үміткерлердің білімін бағалау нәтижелерін және өтініштерді қарау / Рассмотрение результатов оценка знания и заявлений претендующих на обучение в отделе Foundation по государственному образовательному заказу / на платной основе за счет собственных средств

(түсуші санаты/ категория поступающих)

ТЫҢДАДЫ / СЛУШАЛИ: Комиссия зерделеп талқылады/ Комиссией были изучены и обсуждены:
- жеке әңгімелесу нәтижелерін/ результаты индивидуальных собеседований;
- оқуға түсушілер ұсынған құжаттарды /документы, представленные поступающими.

ШЕШТІ / РЕШИЛИ:

1. Төмендегі оқуға түсушілерді қабылдауға ұсыну /Рекомендовать к зачислению следующих поступающих.

№	Аты-жөні/ ФИО	Азаматтығы/ Гражданство	Бейіндік пәндер бойынша балдар/ Баллы по профильным предметам		Жалпы балы/ Общий балл	Комиссия шешімі/ Решение комиссии
			1 бейіндік пән/ 1 профильный предмет	2 бейіндік пән/ 2 профильный предмет		
1	2	3	4	5	6	7
						ұсынылсын/рекомендован

2. Ең төменгі өту балын жинамаған адамдарды оқуға қабылдауға ұсынбау/ Лиц, не достигших минимального проходного балла, к зачислению не рекомендовать.

Комиссия төрағасы/ Председатель комиссии: _____

Комиссия мүшелері/ _____

Члены комиссии: _____

Хатшы/ Секретарь: _____

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		УЕ-76-26
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	1-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		25 беттің 21-беті

Қосымша 9

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау Ережесіне

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ Фаундейшн және тілдік оқыту орталығына оқуға қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізбесі

1. Ректордың атына жазылған өтініш
2. Жеке басын куәландыратын құжат (көшірмесі) және жеке басын куәландыратын құжаттың қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасы
3. Білімі туралы құжат және оның қосымшасы (түпнұсқасы) және нотариалды куәландырылған аудармасы, соның ішінде мөрдiң аудармасы (егер құжат толығымен шет тілінде болса)
4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің мiндетiн атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген флюорографиясы бар 075/у нысанындағы медициналық анықтама
5. Медициналық сақтандыру полисі (көшірмесі)
6. Ұлты қазақ екенін растайтын құжаттар (Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін) (қандастар)
7. Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар тыңдаушылар, сондай-ақ бала жасынан мүгедектігі бар тұлғалар «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ Фаундейшн және тілдік оқыту орталығында оқуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытындыны ұсынады
8. 3x4 см өлшемді фотосурет – 2 дана;
9. қағаз скоросшиватель (мұқаба) – 1 дана;
10. 15x21 см өлшемді қағаз конверт – 1 дана;
11. 15 бетті файлдық папка – 1 дана.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		П-03-01-02-25
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	2-ші нұсқа
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау ережелері		9 беттің 1-інші беті

Қосымша 16

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
FOUNDATION бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау Ережесіне

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
Басқарма мүшесі – Ректоры / Қабылдау комиссиясының төрағасы
Қ.С. Байболовқа

(толық аты - жәні)

ӨТІНІШ

Сізден білімді бағалауды өткізу уақытын ұзартуды / білімді бағалау бөлмесінде ассистенттің (көмекшінің) болуына рұқсат беруді / білімді бағалау кезінде техникалық құралдарды пайдалануыма рұқсат беруді (қажеттісін таңдау керек) сұраймын.

Денсаулық жағдайы туралы құжаттар қоса беріледі.

« _____ » _____ 202__ ж.

(қолы)

